



Ақмешіт

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

Аялаймын сені, Қызылорда!

2 желтоқсан
сейсенбі

№92 (2204)

2025 жыл

апталығы

«ЖОЛ КАРТАСЫН» ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ МАҢЫЗДЫ

Кейінгі жылдары қалада оң өзгерістер аз емес. Шаһар шырайы келісіп, көркіне көрік қосты. Жаңа нысандар салынып, әлеуметтің әлеуеті артып келеді. Құрылыс қарқын алып, қала көркейіп, көшелер кеңейіп келеді. Қаланың тыныс-тіршілігі мен дамуы әрбір тұрғынға қуаныш сыйлары хақ. Жасампаз жобалар мен ілкімді істер тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыраы сөзсіз. Бүгінгі нәтиже ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың, Үкіметтің және облыс әкімінің қолдауымен атқарылған жұмыстардың бір парасы ғана. Үкімет пен «AMANAT» партиясының бірлескен жобалары өңірде қарқынды жүзеге асуда. Бас шаһарда «Жол картасы» шеңберінде ауқымды жұмыстар атқарылып келеді. Партияның бекіткен сайлауалды бағдарламасының 5 бағыты бойынша қалада ауқымды жобалар жүзеге асуда.



2-БЕТТЕ

■ ҚАЛА ТЫНЫСЫ

БӘРІ ДЕ ЕЛ ИГІЛІГІ ҮШІН

Қаламыздағы тұңғыш Президент саябағы халықтың қарасы үзілмейтін, керемет демалыс орны болмақ. Қазіргі таңда саябақ аумағын кеңейту қолға алынып, жаңғырту жұмыстары жүріп жатыр.

Мұндағы абаттандыру, инфрақұрылымдық жобалар өте ауқымды. Жаңа жоба бойынша халықтың сұранасына сай автокөлік тұрағы бар, гүлзарлармен көмкерілген, халық демалатын жайлы орта болмақ. Бас мердігер «Bi Global» ЖШС саябаққа 3 аллея, 6 субұрқақ, 5 амфитеатр, 7 балалар ойын алаңын, 4 спорт және 4 workout, 7 демалыс аймағын, 4 фудкорт, теннис үстелдерін, биіктігі 50 метр болатын айналмалы дөңгелек аттракцион, би алаңын, стритбол, вело және жүгіру жолақтарын, сахна, сарқырама каналдары мен көпірлер, шахмат, баскетбол және футбол алаңдарын, арқан саябағы мен модульдік санитарлық нысандар салуды жоспарлаған.

Сондай-ақ саябақта жыл он екі ай жұмыс істейтін 300 орындық заманауи балалар тынығу лагері мен Ботаникалық білім беру орталығы (қысқы бақ) бой көтеріп келеді. Бас мердігер Alem Qurylus AQ ЖШС жобаға сәйкес спорт блогын, іс-шараларға арналған event-аймақ, тұрғын корпустар, қонақүй үлгісіндегі шағын ғимараттар, дәстүрлі киіз үйлер, ашық бассейн, стадион, футбол алаңы және сахна салады.



Сонымен қатар қайта жаңғыртудан өткен Қорқыт ата саябағы да тұрғындардың демалуына, серуендеуіне және балалардың ойнауына қолайлы орынға айналды. Бұл саябақты абаттандыру жұмыстары 38828 шаршы метр аумақты қамтыған. Оның 1826 шаршы метрі – құрылыс алаңы, 13430 шаршы метріне брусчатка төселген, ал 23572 шаршы метрі көгалдандырылған.

Саябақ аумағында заманауи субұрқақтар, спорт және балалар ойын алаңдары, серуен жолдар мен жарықшамдар орнатылған. Сондай-ақ келушілердің жайлы демалысы үшін орындықтар, шағын сәулеттік нысандар орнатылып, көгалдандыру және суару жүйесі жүргізілген. Бұл демалыс орны қала келбетін көріктендіре түсуде.

«Ақмешіт-ақпарат»



■ АУЫЛ – ЕЛ БЕСІГІ

ЕҢБЕККЕ ЖҰМЫЛҒАН АУЫЛ



Кезінде Сыр салысын өсірумен даңқы шыққан Қарауылтөбе ауылы бүгінде үш мыңға жуық адамның құтты қонысы. Жаңа заман лебімен алға адымдаған ауылдың бюджеті 220,8 млн теңгені құрап отыр. Салықтық түсімдер 15,7 млн теңгеге жоспарланып, 10 ай қорытындысымен 14,3 млн теңге болып, 91,1 пайызға орындалған. Ауыл тұрғындарының әлеуметтік жағдайын жақсарту үшін бірінші кезекте мемлекеттік бағдарлама жеңілдігін пайдаланып, жеке кәсіпкерлікпен айналысқан тиімді. Бұл бағытта ауылда үлкен серпіліс бар. Қолдаудың нәтижесінде кәсіпкерлікке бет бұрған ауылда 136 шағын кәсіпкерлік нысаны тіркелсе, оның заңды тұлғасы – 3, дара кәсіпкері – 115, шаруа қожалығы – 18.

Мәселен, ауыл шаруашылығы саласын дамытуды мақсат еткен ауыл тұрғыны Хасен Кененбаев «Егін шаруашылығы» жобасы аясында табысты еңбек етуде. Кәсіпкер «Қызылорда өңірлік инвестициялық орталығы» микроқаржы ұйымы арқылы «Іскер» бағдарламасымен 6 млн теңге жеңілдігімен несиені алып, қияр өсіруге кіріскен.

Бүгінде еңбек етіп, кәсібін дамытамын деген азаматқа мүмкіндік өте көп. Ең бастысы, ерінбей еңбек ету. Қияр жинау ісін жеңілдету үшін тракторды пайдаланамын. Жай трактор емес, оны түрлендіріп, сыйымдылығы 4 адамға лайықталған тіркеме жалғағанмын. Бұл техниканың әзірше елімізде баламасы жоқ деуге болады. 1 гектар егістік алқабында екі күн сайын жарты тоннаға жуық

қияр жиналады. Бұдан бөлек, келесі 1 гектар алқапта қызанақ, тағы бір алқапқа қарбыз ектім, – дейді кәсіпкер.

Сонымен қатар ауылдық округ тұрғыны Нұрлан Смағұлов көпбалалы әке ретінде мемлекеттік бағдарламаның көмегіне жүгініп, 400 АЕК көлемінде грантка ие болған. Бұл қаржыға бөдене шаруашылығын ашып, кәсібін жүргізіп отыр.

Қазіргі таңда шаруашылықта ет және жұмыртқа бағытындағы 4 мыңға жуық бөдене қусы бар. Бөдененің балапаны 40-45 күнде жетіліп, жұмыртқа бере бастайды. Күніне 1000-нан аса жұмыртқаны саудаға шығарамыз, – дейді кәсіп иесі.

3-БЕТТЕ

«Жолдар теп-тегіс, толған кентеліс, қаладан көңіл қалып барады» деп ақын Айтбек Тұрсынбаев жырлағандай, қазір қалада көлік ағыны көбейді. Қазақстан Автомобиль одағының мәліметіне сүйенсек, 2024 жылы елде 200 мыңнан астам жаңа көлік сатылған. Әр үйге бір көлік керек дейтін жұрт қазір қандай көлік мініп жүр? Жаңа көліктердің сапасы қандай?

ҚАНДАЙ КӨЛІК МІНІП ЖҮРСІЗ?



Сонғы екі жылдықта ел автонарығы жандана бастады. Халық тозығы жетіп, уақыты келген көліктерін жаңасына алмастыра бастағанын көріп жүрміз. Автосарапшылардың айтуынша, өткен жылы ресми дилерлер 205 мың дана көлік сатқан екен. Оның 50 мыңнан астамы Қытай көліктері. Қалғаны Корея, Германия, Жапония елдерінен шыққан автокөліктер. Нарықтың 25 пайызын иемденген қытайлық көліктердің сапасы қандай? Алдағы уақытта жүргізушілер Қытай көліктеріне сенім арта ма? Сарапшылар бұл көліктердің танымал болуына бағасы мен жеңілдетілген несиелер ықпал еткенін айтады. Ел нарығына 2021 жылдан бастап HAVAL, JAC және Chery маркалары танымал бола бастады. Кейінінен Jetour, Omoda, Hongqi, GAC, ZEEKR, Tank және GWM сынды жаңа брендтер пайда болды. Өткен жылы Қытайдың Changan маркасы ең көп сатылған көлік ретінде тіркелген. Ресми статистика бойынша Қазақстанда бұл көліктің 8510 данасы сатылған. Осы жылдың мамыр айының өзінде 1526 дана көлік иесін тауып сатылым бойынша көш бастады.

Қазір Қытай көліктерінің танымал болуы бағасына байланысты. Себебі көне көлік пен жаңаның бағасында айырмашылық аз болған жағдайда сатып алушылар жаңаны тандайды. Бұдан жүрілген көліктердің бағасы түседі. Осы орайда, Қытай көліктері сенімнен шыға ма деген заңды сұрақ туатынын білеміз. 2010 жылы елге келген Корея көліктері туралы да дәл осындай сенімсіздік болған. Сонғы жылдары Корея көліктері сатылым бойынша алға шығып, көлік жүргізушілерінің сенімінен шығып келеді. – дейді экономист Бауыржан Ысқаков.

4-БЕТТЕ

■ ДЕНСАУЛЫҚ

ТҰМАУҒА ЖЕҢІЛ ҚАРАУҒА БОЛМАЙДЫ



Қазан айынан бастап халық әбiгерге түсті. Себебі елде тұмау жұқтырғандар көбейді. Жедел жәрдем шақырушылардың көбі тұмаумен ауырып жатқандар. Әсіресе, балалардың көп ауырығаны байқалды. Аурухана есігін тоздырған халықтың көптігінен байқағанмыз, биылғы тұмаудың беті қайтар емес. Халық тұмаудың ауыр өтiп жатқанына алаңдауда. Дене қызуының 39-40 градусқа дейiн көтерiлуi, балалардың қайта-қайта жөтелiп, тамақ iсiуi өршiп тұр. Денсаулық министрлігі тарапынан қажетті шаралар жасалуда.

Ресми деректерге сүйенсек, жыл сайын елімізде жедел респираторлық вирустық инфекциямен (ЖРВИ) 3-4 млн адам, тұмаумен 2 мың адам ауырады екен. Биыл эпидемиологиялық маусым басталғалы елде ЖРВИ-дің 1,5 млн жағдайы тіркелген. Жалпы, еліміздің кейбір аймақтарында вирустық инфекциялар күшейді дегенмен, өткен жылдың сәуірінен салыстырғанда көрсеткіш 20 пайызға төмен болған. Соның ішінде 66%-ы 14 жасқа дейінгі балалар арасында таралған. Кейінгі аптада ЖРВИ-дің 183 мың жағдайы тіркелген.

4-БЕТТЕ

«ЖОЛ КАРТАСЫН» ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ МАҢЫЗДЫ

Жақында «AMANAT» партиясы қалалық филиалының депутаттық фракциясының кезекті отырысы өтті. Отырыста 2023-2027 жылдарға арналған «Халықпен бірге!» атты партияның сайлауалды бағдарламасы негізіндегі «Жол картасының» орындалу барысы талқыланды. Жиынға қала әкімі Нұржан Ахатов, партияның қалалық филиал төрағасы Ибадулла Құттықожаев, Саяси кеңес бюросы мен фракция мүшелері қатысты. Күн тәртібіне қойылған мәселе бойынша қала әкімі Нұржан Сәбитұлы баяндама жасады.

– Аукымды шаруалардың жүзеге асуына «AMANAT» партиясы қолдау көрсетіп келеді. Партияның бекіткен сайлауалды бағдарламасының 5 бағытын орындауда біз тиісті межеге жетіп келеміз. Облыс әкімінің қолдауымен соңғы үш жылда бой көтерген озық үлгідегі әлеуметтік нысандар, халық сұранысына сай ашылған кәсіпорындар, өңір әлеуетін арттырар ірі инвестициялық жобалар туған өлкеміздің дамуына тың серпін берді. Ал «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасының игілігімен Қызылорда еліміздегі ең таза қалаға айналып, тұрғындардың тазалық этикасы мен ортақ мүддеге жанашырлық көзқарасы қалыптасты. Осындай батыл бастамалары мен ынтымаққа ұйысқан халқы бар Алаштың анасы – Сыр елінің сәулеті асып, дәулеті тасыды. Аймақтар арасында айбары асқақ алғашқы астананың даму үлгісімен танысу үшін әр өңірден делегациялар Қызылорда қаласына жиі ат басын бұратын болды. Аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекулының бастамасымен облысымызда халықаралық деңгейдегі форумдар, республика дәрежесіндегі семинарлар, ұйымдық жиындар өтіп, іс-тәжірибеміздің тағылымы тарайды. Халықаралық «Урбан Фест – 2025» және «Аналар» форумы, мәслихат төрағалары мен облыс әкімдерінің орынбасарлары бас қосқан жиындар, Абай мен Жамбыл облыстары делегациясының сапарлары, республикалық ардагерлер кеңесінің көшпелі мәжілісі сияқты ірі іс-шаралар арқылы өңірдің бүгін мен болашағы сараланды. Мәртебелі меймандар қасиетті елдің құтты қадамына тілектестіктерін білдірді. Өңір өміріндегі тарихи күн – биылғы жылдың 30 қазанында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы облысымызға жұмыс сапарымен келді.

Басы 1-бетте



Ел Президенті бірқатар нысанның жұмысымен танысып, Қызылорданың даму қарқынына көңілі толды, – деді Нұржан Ахатов.

Сыр өңірінің бас шаһарында барлық сала бойынша оң динамика қалыптасты. Облыс бюджеті 3 жылда 364 млрд теңгеден 851,3 млрд теңгеге дейін өсті. Ал қала бюджеті 174,7 млрд теңгеге жетті. Жыл соңына дейін қала кірісін әлі де толықтыру үшін қажетті шараларды жүзеге асатын болады. Аймақ басшысының қолдауымен қала жолдары жөнделіп, көшелердің аясы кеңіді. Бұл салаға 20 млрд теңгеден астам қаржы бағытталған.

Халықтың сапалы өмір сүруі үшін әлеуметтік мәселелерді шешу бірінші орында екені анық. Биыл да тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсарту үшін баспанамен қамту, сапалы инфрақұрылым жүргізу бағытында тиісті шаралар қабылданды. Мәселен, халықты баспанамен қамтуда Қызылорда қаласы республикада алдыңғы орынға шықты. Көпқабатты тұрғын үйлерді салу мен сатып алу үшін 42 млрд 206 млн теңге қаржы қаралып, нәтижелі жұмыстар атқарылды. Тұрғындардың 100 пайыз сапалы ауысумен қамтылуы үшін бөлінген 6 млрд 413 млн теңгеге қосымша жұмыстар атқарылды. Ал газ желісі жетпеген елді мекендерге және қала аумағында қалып қойған аумақтарға «көгілдір

отын» тартуға 2 млрд теңгеден астам қаражат бөлінген. Абаттандыру жұмыстарына 33 млрд 341 млн теңге қаржы қаралған.

– Президенттің қолдауымен жерлестеріміздің арманына айналған бас шаһарды ыстық сумен қамтамасыз ету оң шешімін тапты. Қазір

қаламыздағы көпқабатты тұрғын үйлер ыстық сумен қамтылуда. Сонымен қатар «Акса Энерджи» түрік инвесторымен қуаттылығы 240 мегаватты құрайтын жаңа жылу электр орталығының құрылысы аяқталуда. Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында қаламызда 5 мектеп пайдалануға берілді. «Білімді қолдау қоры» арқылы физика-математика бағытындағы «Білім-инновация» лицей-интернаты ел игілігіне табысталды. Ал балалар мен жасөспірімдерге арналған «Сыр жұлдыздары» академиясы өңір балғындары үшін есігін айқара ашты, – деді қала әкімі.

Фракция отырысында қала әкімі «Жол картасы» аясында орындалуы тиіс негізгі іс-шаралардың толықтай атқарылатынын айтып өтті.

«AMANAT» партиясының фракция мүшелері өңірлік сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі «Жол картасының» орындалуы бойынша бірқатар ұсынысын жеткізді. Алда айқын міндеттер мен анық жоспарлар бар. Басты мақсат – басымдықтарды дұрыс белгілеп, барлық салалардың серпінді жұмыс істеуіне қол жеткізу.

Айтолқын АЙТЖАНОВА



ТАЗАЛЫҚҚА ДА ТӘРТІП КЕРЕК

Қалаға қонаққа келген жұрттың «Қызылора таза қала екен» деген сынды ризашылығын әлеуметтік желілерден оқып жүрміз. Шынында, тазалық тақырыбы қаланың әрбір тұрғынына қатысты екені белгілі. Қызылордалықтар өз ауласының тазалығына мән берсе қаланың тазара түсетіні сөзсіз. Дегенмен кемшіліктер де жоқ емес. Осы олқылықтың орнын толтыру мақсатында қала әкімдігі ұйымдастырған санитарлық-норма талаптарын бақылайтын жұмысшы топ қала көшелерін аралады.



Рейд барысында Ы.Жакаев көшесі №83 үйдің алдында құрылыс материалдары жаю жүргіншілер жолын жауып жатқаны анықталды. Сонымен қатар Т.Есетов көшесі бойында үй қақпасына ілінген тозығы жеткен билборд қаланың сәнін кетіріп тұрғаны байқалды. Сол мезетте тұрғын үй иесіне ескертіліп, алып тасталды.

– Көшедегі қоқыс қалдықтарын тастаған, кәріз құдығын көшеге орнатқан тұрғындарға ескерту берілді. Мұндай іс-шаралар тұрақты түрде жүргізіліп, заңсыз қоршалған аумақтар мемлекет меншігіне қайтарылады, – деді қалалық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімінің басшысы Мейрамбек Әжібеков.

Рейдтік тексеру барысында Т.Әубәкіров көшесінің бойындағы заң бұзушылыққа жол берген бірнеше тұрғын назарға ілікті. Құрылыс материалдарын бей-берекет тастап, жаю жүргіншілер жолын бөгеген, үй төңірегін қамыс басқан, кәріз құдығы бетін ашық қалдырған кемшіліктер байқалды. Жұмысшы топ талап бұзған үй иелеріне ескерту жасап, кемшілікті түзеуді тапсырды.

Думан КЕҢШІЛІК

Осы аптада қалалық мәслихаттың кезектен тыс XXXIV сессиясы өтті. Қалалық мәслихат төрағасы Ибадулла Құттықожаевтың төрағалығымен өткен сессияға қала әкімінің орынбасары Арнұр Нұрмағанбетов, облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры Пірмұхаммед Сыздық, қалалық мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы Фердоуси Қожабергенов, қалалық аумақтық комиссия төрағасы Ғалым Баймырзаев, қалалық дербес бөлімдер мен мекемелердің басшылары, бұқаралық ақпарат құралы өкілдері қатысты.

Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» заңына және «Әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 1 тамыздағы №211 бұйрығына сәйкес 1 соғыс ардагерінің және ерлікпен қаза тапқан күштік құрылымның 6 қызметкерінің есімін қаладағы Бай-терек, Саяхат шағын ауданындағы №15,19,17,19,23,28 көшелерге беру туралы ұсынысты мақұлдап, қала әкімдігі мен қалалық мәслихаттың бірлескен шешімімен республикалық орна-матика комиссиясының қарауына ұсынды.

мөлшерлеме көлемін төмендету туралы» Қызылорда қалалық мәслихатының 2023 жылғы 30 маусымдағы №45-5/1 шешімінің күші жойылды деп тану туралы, «Қызылорда қаласында жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы» және «Қызылорда қалалық жер комиссиясының құрамын бекіту туралы» Қызылорда қалалық мәслихатының 2025 жылғы 15 тамыздағы №287-40/2 шешіміне өзгеріс енгізу туралы» мәселе бойынша қалалық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысы Мұхтар Жетілігенов, қалалық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімінің басшысы Мейрамбек Әжібеков хабарлама жасап, депутаттардың сауалына жауап берді.

Айта кетейік, 2025 жылғы 18 шілдеде елімізде жаңа салық кодексі қабылданды және ол 2026 жылдың 1 қаңтарынан бас-

төмендетуге немесе көтеруге құқығы бар. Мұндай шешімді жергілікті өкілді орган осы жылдың 1 желтоқсанынан кешіктірмей қабылданып, 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданисқа енгізілуі керек.

Осыған орай, қалалық мәслихаттың қарауына «Қызылорда қаласында оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолдану кезінде төлем көзінен ұсталатын салықты қоспағанда, корпоративтік немесе жеке табыс салығы мөлшерлемесінің мөлшерін 4 пайыздан 2 пайызға дейін төмендету туралы» шешім жобасы мен «Қызылорда қаласы бойынша бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде мөлшерлеме көлемін төмендету туралы» Қызылорда қалалық мәслихатының 2023 жылғы 30 маусымдағы №45-5/1 шешімінің күші жойылды деп тану туралы» шешім жобасын бекіту ұсынылды.

Мамандардың айтуынша, салық мөлшерлемесінің төмендеуі кәсіпкерлер арасында салық төлеуден жалтару мәселесін азайтуға және бизнес-ахуалды жақсартып, көлеңкелен шығаруға септігін тигізеді. Бүгінде қалада тіркелген жеке кәсіпкерлер – 27423, заңды тұлға – 8323. Оның ішінде бөлшек салығы арнаулы салық режимін қолданатын салық төлеуші – 2054. Арнаулы салық режимімен 109 заңды тұлға және 1041 жеке кәсіпкер 2% мөлшерде төлем жүргізуде. Аталған шешім жобасына ҚР Әділет министрлігінен келісім, қалалық қоғамдық кеңестен ұсыным, облыстық кәсіпкерлер палатасынан қорытынды алынған және «Ашық НҚА» интернет-порталында жарияланған.

Сонымен қатар сессия барысында қалалық жер комиссиясының құрамына өзгеріс енгізілді және қала бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы мен қала әкімдігі жер салығының жоспарланған түсімін орындау үшін жер салығының базалық мөлшерлемесін 35 пайызға жоғарылатуды ұсынды. Шешім жобасына облыстық кәсіпкерлер палатасынан қорытынды, қалалық қоғамдық кеңестен ұсыным алынып, «Ашық НҚА» интернет-порталында жарияланған.

Жаңа салық кодексінде көрсетілгендей, жергілікті өкілді органдардың еліміздегі жер заңнамасына сәйкес жүргізілетін жерді аймаққа бөлу жобасы негізінде жер салығының мөлшерлемесін осы кодекстің 577, 578-баптарында белгіленген жер салығының базалық мөлшерлемесінің 50 пайызынан асырмай азайтуға немесе арттыруға құқығы бар.

Сессияға ұсынылған мәселелерді қарау барысында депутаттар бірқатар ұсыныс айтып, тиісті шешім қабылдады.

Ғайһар АСҚАРҚЫЗЫ

САЛЫҚ КОДЕКСІНЕ ӨЗГЕРІС ЕНГІЗІЛМЕК

Сессияда 6 мәселе халық қалаулыларының назарына ұсынылып талқыланды. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Кенже Құрақбаева «Қызылорда қаласында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы» қалалық мәслихаттың 2023 жылғы 14 қыркүйектегі № 63-8/5 шешіміне өзгерістер енгізу туралы» хабарлама жасады.

Бөлім басшысы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің хатына сәйкес, аталған шешім жобасы «Ашық НҚА» интернет-порталында жария талқыланып, қалалық қоғамдық кеңестен ұсыным алғандығын жеткізді. Соның негізінде қала аумағында тұратын 1986 жылы 17-18 желтоқсан оқиғасына қатысқаны үшін қуғын-сүргінге ұшыраған адамдарға біржолғы әлеуметтік көмекті 60 АЕК мөлшеріне көбейтуді және табысы аз отбасынан шыққан балаларға оқу жылы кезеңінде қоғамдық көлікте жол жүру ақысына ай сайын 1 АЕК мөлшерінде көмектесуге ұсыныс жасады. Ұсынысты депутаттар қолдап, мәселе оң шешімін тапты.

Мұнан соң «Қызылорда қаласының кейбір құрамдас бөліктеріне атау беру және қайта атау туралы» қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Айдын Қайруллаев хабарлама жасап, онда «Қазақстан



Сонымен қатар сессияның күн тәртібіне ұсынылған «Қызылорда қаласында оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы», «Қызылорда қаласы бойынша бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде

тап күшіне енебек. Жаңа салық кодексі күшіне енгеннен кейін 2017 жылы қабылданған кодекстің күші жойылады.

Жаңа салық кодексінің 726-бабына сәйкес, жергілікті өкілді органның оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің 4 пайыздық мөлшерін



ЕҢБЕККЕ ЖҰМЫЛҒАН АУЫЛ

...зат Құрманғалиева «Ауыл аманаты» бағдарламасымен құны 8,6 млн теңге болатын «Асыл тұқымды ұсақ мал
... несие алған. Шаруа қожалығының іесі осы қаржыға асыл тұқымды 20 ешкі және 20 қой сатып алып, өз
... 1 адамды жұмыспен қамтып отыр.

...ойтоба «Әскер» мемлекеттік бағдарламасына қатысып, «Қызылорда өңірлік инвестициялық
9 млн теңге көлемінде жеңілдетілген несиені қол жеткізіп, моншаға қажетті құрал-жабдықтар
байланысты ел сырғанысын ескеріп, кәсіп алуға тәуекел еттім. Бүгінде кәсібім
... күшейіп күрек табу оңай. Мемлекеттің қамқорлығын райын келтіріп мекенде
... әрбір жан-жануар үшін жеткізуде, – дейді жергілікті кәсіпкер.

...руһын тұрғыны Сейсенқызы Қыздырбаева қолға алып
... күніне 100 келіге дейін киір жинап, қала
... алғашқы өнімін сатуға шығарған. Қо
... зытта үздіксіз өнім алу науқан
... санаттағы 41 от
... 27 адам

[illegible][illegible]

Ауылда «Ауыл аманаты» тургундарынын тобу иштей баштаган. Аманаттык жана кесип бастаган ауылдын тургундарынын тобу иштей баштаган. Аманаттык жана кесип бастаган ауылдын тургундарынын тобу иштей баштаган. Аманаттык жана кесип бастаган ауылдын тургундарынын тобу иштей баштаган.

Мешіт — имандылық үйі

Руханият бесігі — кітапхана

Руханият бесігі — кітапхана

Ауылда қала, істі кітапхана жұмыс істе- тағы басқа да бағытты қам- сұраныс арқылы жеткізіледі. Оның ішіндегі бұл сауалға да қонымды жауап бергеніне, ол заманауи үрдістен калмай, жергілікті телефонуа телімірмен ма- қыметтің қолдануына конферен- мерекелік іс-шара

Берекелі отбасы

Берекелі отбасы

Бабадан жеткен текті өнер

Бабадан жеткен тек

Қарауылтобеде бәйге атып байғайтын атсейіс те Төрөбаевтың ата-бабасы жылқыны қадрлеп, қасиетін білген. Кейін ағасының өз жері де, өресі жолы көпке ұлті.

«Бағалайтын асылық» атты кітабын алған. «Бағалайтын асылық» атты кітабын алған. «Бағалайтын асылық» атты кітабын алған.

Қарауылтобеде бәйге атып байғайтын атсейіс те Төрөбаевтың ата-бабасы жылқыны қадрлеп, қасиетін білген. Кейін ағасының өз жері де, өресі жолы көпке ұлті.

«Бағалайтын асылық» атты кітабын алған. «Бағалайтын асылық» атты кітабын алған. «Бағалайтын асылық» атты кітабын алған.

[illegible]

тазы бар. Бірінші аты – Қарадауыл, екіншісі –
де бойына біткен егілік, жамдылағымен еркеше.
және жеммен жарысқан жүйріктігімен, сұлу мүсінімен
ғрады. Тазыға сұқшан қарыбау кігізбеймін, еркін
рады. Менің қас-қабағымды ұғатын қасиетке ие. Қоян,
р алады. Мұнан соң далала жүгіртіп, аның соңына
даймын. Қазір шибөрте салып жүрмін Мақасеті – бүгінде
беремін. Қазір шибөрте салып жүрмін Мақасеті – бүгінде
сыны сиреген тазыны сақтап қалу – дейді Манай.
Қарадауылтөбеле
құрметтейтін жандар тұратынына қуандық. Ауыл тұрғыны
Күншай Қараманова шаңырақтың құты бойынша қасиетті
дирменнің намы тәтті, әрі тойымды болады. Күншай ана
билайы қат соғыстан кейінгі ауыр кезеңде өмірге келген.
Анасына көмекші болып, түгімен дирмен экспонат қана.
– Қазір мұражайда тұрған дирмен арасында
Дирмен тұрмыстық құрал ғана емес, кісілі мұра, қыз
жасауының бағалы бұйымы еді, – дейді дирменнің
ана.
Күншай апке қосып, тартқан ұяның жарығына
кол дирменін іске қосып, тартқан ұяның жарығына
тәтті тағам пісіріп, жүгері тартып, наурыз көже
істейді. Немерелеріне көне бұйымның тарихын
айтып, алал елбегіті насихаттап отыр. Елбегке
жұмылған ауылда бөреке бар. Кәсіпті дамытып,
туған жерді түстелуге ынталы заматтары бар.
ауыл жыл өткен сайын өркендей түсері сөзсіз.

Гайһар ҚОЖАХМЕТОВА

Әлеміміз

Гайһар ҚОЖАХМЕТОВА

Басы 1-бетте



ҚАНДАЙ КӨЛІК МІНІП ЖҮРСІЗ?

Ұлттық статистика бюросының берген мәліметі бойынша өткен жылдың қазан айында Қазақстанда жалпы құны 189,8 млрд теңгені құрайтын 14 885 техника жасалған. Үкімет сырттан келетін көліктерді шектеп отандық көлік өндіруді дамытуға күш салып жатыр. Елімізде әлемдегі автомобиль шығаратын 10 ірі компания қатарына кіретін KIA Қостанай қаласында зауыт ашты. Жаңа зауыт жылына 70 мың көлік шығарады. Қазақстандықтар ең көп сатып алатын бренд қатарына енген KIA кооперациясының президенті Хо-Сунг Сонтың айтуынша, бұл Орталық Азиядағы алғашқы зауыт. Енді ТМД мемлекеттерімен алыс-жақын елдер Қазақстаннан құрастырылған көлікті мінеді. Ал қазақстандықтар үшін қаншалықты тиімді болатынын уақыт көрсетеді. Дәл осындай қытайлық зауыт Алматыда да іске қосылады деп жоспарлануда.

– Елдегі көлік зауыттарының көбеюі бағаның арзандауына әсер етуі мүмкін. Оған логистика, салық, кедендік шығындардың төмендеуі, модельдердің тиімділігі әсер етеді. Бірақ зауыттар бірден бағаны түсірмеуі мүмкін. Қытай көліктері нарыққа көптеп сатыла бастағанда, импортқа шектеу қойылғанда баға нарықтың деңгейіне түседі. Үкіметтің үш жылға дейінгі көлікті кіргізуге шектеу ұсынысы елдегі авто өндірісін қорғау мен ескі көліктер ағынын азайту, – дейді экономист Бауыржан Ысқаков

Несиеге көлік алу тиімді ме?

Халық несиеге алған көлігін табыс көзі санайды. Бірі жеткізу қызметін ұсынса, бірі такси қызметін атқарады. 2025 жылдың 1 қаңтарындағы дерек бойынша 3,6 трлн теңгеге автонесие рәсімделген. Бірінші

– Бес жылдық тіркеуге алынған көліктер болашақта утилизацияға кетпейді. Ел ішінде жүрілген көліктердің орнын толтырып, сатылымда жүре береді. Қазақстандық зауыттардың салынуы елдегі жүрілген көліктердің бағасын төмендетуі мүмкін, – дейді экономист Бауыржан Ысқаков, экономист.

несие бюросының бас директоры Руслан Омаров автонесиелендіру бойынша жыл сайын рекордтық көрсеткішке жеткенін айтады. Қала тұрғыны Аслан Нұрланұлы көлігін несиеге алған. 2021 жылы су жаңа көлік иесі атанған ол 7,5 миллион тұратын көлікті үстеме пайызымен 13 миллион шамасында қайтаратынын айтты. Айына 170 мың теңге төлейтін ол бастапқы төлем ретінде де ақша салған.

– Алғашында уақытпен сыналған Германия, Жапонияның көлігін қарастырған едім. Дегенмен ол көліктер де ұзақ жыл жүрілген соң бұзылатын кездері көп болады. Еуропалық көліктердің жанасы қалта көтермейді. Көне көлік жиі бұзылады, шығыны көп болғандықтан жаңа көлік алғанды жөн көрдім, – дейді қала тұрғыны.

Сарапшылардың айтуынша, соңғы бір-екі жылда несиеге көлік алатындардың қатары артқан. Түрлі бағдарламалар тиімді сияқты көрініп азаматтарды көлік алуға итермелейді. Бұл соңғы кезде тенденцияға айналған.

Қорыта келе елімізде авто нарықтың жаңа дәуірі басталғандай. Мәселен, АҚШ-та адамдар көлікті ұзақ уақыт айдамайды. Яғни көлік ауыстыру жиілігі жоғары. Олар 3-5 жыл сайын көлік ауыстырып отырады. Бұл уақыт аралығында көлік ескіріп, нарыққа жаңа модельдер, жаңа технологиялар пайда болады. Лизинг мәдениеті де дамыған бұл елде адамдар белгілі бір уақыт пайдаланып, кейін жаңасына ауыстырады. Тойотаны инвестиция ретінде қарайтын қазақ жұртшылығына тансық көрінетін бұл мәдениет там-тұмдап біздің елге де кіріп жатқандай. Яғни ендігі жұрт жаңа көлік сатып алып, бірнеше жылдан соң жаңасына айырбастайтын мәдениетті қалыптастыруы бек мүмкін.

Думан КЕҢШІЛІК

Басы 1-бетте

БРИФИНГ

ҚАУІПСІЗДІК – БАСТЫ НАЗАРДА



Қала бойынша жыл басынан бері осы уақытқа дейін 97 өрт оқиғасы тіркелген. Соның салдарынан 2 млн 900 000 теңге көлемінде шығын келіп, 2 адам жаракат алған. Өткен жылмен салыстырғанда өрт оқиғасы 30% көбейген. Өрттің шығуына негізінен тұрғындардың қауіпсіздік шараларына салғырт қарауы, тұрмыстық пештердің техникалық жағдайына мән бермеуі және де балаларды қараусыз қалдыру себеп болады.

Өрт қауіпсіздігінің кепілі – сақтық шаралары. Қарапайым ұқыптылық пен тұрғындардың тұрмыстық мәдениеті тілсіз жаудан аман сақтайды. Осы мақсатта жылу маусымы кезіндегі өрт қауіпсіздігін сақтау және алдын алу үшін қажетті шаралар жасалуда. Бұл жөнінде қала әкімдігінің баспасөз орталығында өткен брифингте қалалық төтенше жағдайлар басқармасы бастығының орынбасары Асхат Тоғызбаев кенінен тоқталды.

– Жылу беру маусымында қала аумағында орналасқан 38 113 жеке тұрғын үй секторының ауласын араладық. Тұрғындарға тұрмыстағы өрт қауіпсіздігі талаптары бойынша үгіт-насихат жұмысы жүргізілді. Сонымен қатар әлеуметтік желілерде төтенше жағдайлардың алдын алу мақсатында 69 видеоролик жарияланса, бұқаралық

акпарат құралдарында 195 мақала жарық көрді. Сондай-ақ қаладағы білім беру нысандарында «Тұрмыстық өрттің себебі мен өрт қауіпсіздік ережелері туралы» және «Көмірқышқыл газынан сақтан», «Балаларды бақылаусыз қалдырма» тақырыптарында сабақ өткізілді, – деді Асхат Тоғызбаев.

Өрт қауіпсіздігін сақтаудағы маңызды шаралардың бірі – тұрғындарды ақпараттандыру. Осы ретте қаламызда алғаш рет «Love» радиомен келісім-шарт жасалып, жеке және жолдаушылар тасымалдайтын автокөліктердің дауыс құрылғылары арқылы өрт қауіпсіздігі жөнінде хабарламалар тұрақты түрде оқылуда. Осы арқылы тұрғындарға қауіпсіздікті сақтау туралы пайдалы ақпарат берілді. Өрт қауіпсіздігі туралы ақпараттандыру шаралары жүйелі түрде жүргізіліп, халыққа өрт қауіпсіздігі туралы кенінен түсінік берілді.

– Төтенше жағдайлар басқармасы және «ҚазАймақГаз» АҚ қызметкерлерімен бірлесіп газ жабдықтарын пайдалану және орнату кезінде өрт қауіпсіздігі талаптарын қатаң сақтау туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілуде. Соның аясында 67 әлеуметтік жағдайы төмен тұрғын үйлерге датчик орнатылды. Жылу беру маусымы кезінде өрт қауіп жоғары болады. Осы уақытта тұрғындардың әртүрлі жылыту құралдарын дұрыс пайдаланбауынан қауіп арта түседі. Сол себепті жағдайдың алдын алу үшін үйлерді аралап, тұрғындарға түсіндіру жұмыстарын жүргіземіз. Басты мақсатымыз – қайғылы оқиғаларды болдырмау. Қауіпсіздікті сақтауға жауапкершіліктен қарауға шақырамыз, – деді Асхат Тоғызбаев.

Өрт қауіпсіздігінің кепілі – адамның өзі. Қарапайым ұқыптылық пен тұрғындардың тұрмыстық мәдениеті тосыннан болатын көптеген өрттен аман сақтайды. Қазіргі таңда елімізде өрт қауіпсіздігі ережесін сақтамаудың салдарынан қайғылы оқиға саны азаймай тұр. Сондықтан да жылу маусымы кезінде өрт қауіпсіздігіне немқұрайлы қарамаған жөн.

Айтолқын АЙТЖАНОВА

Денсаулық сақтау министрлігі мәлім еткендей, желтоқсан айының ортасына дейін инфекция өршуі тіркеледі деп болжанған. Сондықтан адам көп жиналатын жерлерден аулақ болу, беттерде тағуды ұсынды. Бұл тұрғыда қарапайым азаматтар медициналық беттерде тағуға мәжбүр емес. Алайда медицина қызметкерлері үшін бұл талап міндетті екені айтылды.

Облыстық СЭБД ұсынған ақпаратқа сүйенсек, аймақ бойынша 2025-2026 жылғы жаңа эпидмаусым басталғаннан бүгінге дейін ЖРВИ-дің 38411 жағдайы есепке алынған. Оның ішінде 70%-ы 14 жасқа дейінгі балалар. Жалпы ауруға шалдыққандар арасында ауруханаға жатқызылғандар саны 4% құраған.

дейді облыстық СЭБД басшысының міндетін атқарушы Ерлан Ұзақбаев.

Эпидемиологиялық жағдайдың өршуіне байланысты облыстық жұқпалы ауруханасында да жұмыс күшейе түскен. Былтырғы кезеңмен салыстырғанда ауруханаға келушілер саны екі есеге көбейген. Мәселен, 2024 жылдың қазан айында ауруханаға қаралған адам саны 2218 болса, биылғы қазан айында 3179 адам тұмау бойынша тіркелген. Оның ішінде тек қана ЖРВИ-мен қаралған адамдар саны 567 адам болса, биыл 749-ға артқан.

– Күз басталғаннан бері тұмаумен ауырғандар саны арта түсті. Тұрғындар емханаға барғаннан гөрі ауруханада жатып ем алғанды дұрыс санайды. Ауырып

ТҰМАУҒА ЖЕҢІЛ ҚАРАУҒА БОЛМАЙДЫ

– ЖРВИ-мен сырқаттанушылықтың ауыр ағымындағы 487 науқастың сынамасы ПЦР әдісімен тексеріліп, нәтижесінде зертханалық жолмен А типті (H3N2) 143 тұмау ауруы нақтыланды. Республика аумағында, сондай-ақ облыста тіркелген тұмаудың түрі – А типті (H3N2) гонконг тұмауы – бұл жаңа вирус емес, маусымдық тұмаудың бұрыннан белгілі түрі және жыл сайын айналымда болады. Дегенмен ол халықтың әлсіз топтары үшін қауіпті саналады және адамдар арасында тез таралуымен, аурудың ауыр ағымда өтуімен ерекшеленеді. Басты алдын алу жолы – вакцинация. Тұмаудың алдын алу мақсатында ҚР Үкіметінің қаулысына сәйкес 2025-2026 жылдардағы эпидмаусымға 85006 доза вакцина сатып алынды. Осы уақытқа дейін 84 мыңға жуық азаматқа тұмауға қарсы вакцина салынды. Оның ішінде балалар – 23 466, ересектер – 60531. Оның ішінде жүкті әйелдер – 2898, қарттар үйінің контингенті – 600. Жұмыс берушілер тарапынан 2000 доза вакцина сатып алынып, 1520 екпе жүргізілді. Нәтижесінде, облыс тұрғындарының 9,9 пайызы қамтылды. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының ұсынысы бойынша ұжымдық иммунитет қалыптастыру үшін жалпы тұрғынның 10%-на екпе салу қарастырылған. Тұмаудан бөлек тұмау емес вирустарды анықтау мақсатында 332 сынама зерттеумен қамтылды, нәтижесімен 8 тұмау емес вирус анықталды, оның ішінде аденовирус – 1, риновирус – 7, –

Басы 1-бетте



келген жандардың жағдайы тым ауыр болмаса алдымен лабораториялық зерттеу жасап, қажетті ем-шаралар тізімін жазып береміз. Гонконг тұмауы көбінесе 1 жасқа дейінгі балалар арасында қауіпті болуда. Температура кенет 39-40-қа дейін көтеріліп кетеді. Балалар арасында құрысу синдромы жиі кездесіп жатыр. Сонымен қатар жүкті әйелдер арасында да тіркеліп жатқандар бар. Науқастарға бастапқы уақытта вирусқа қарсы емдік шараларын жасайды. Ал қажет болған жағдайда лабораториялық зерттеулерден өткізеді. Сол бойынша ауруханаға жатқы-

байланысты шектеу және жеке бас гигиенасын сақтап, антисептиктерді пайдалану керек. Сондай-ақ ауа райына сәйкес киініп, үй-жайларда ылғалды тазалық жұмыстарын жиі жүргізіп, ауаны тазартып отыру маңызды. Ең басты ескертіп жайт, тұмау асқына қауіпті. Сондықтан респираторлық аурулардың бірінші белгілері пайда болған кезде өзін-өзі емдеумен айналыспай, тез арада дәрігерге бару керек. Қазіргі жағдайлардан ұқсанымыз тұмау жеңіл қарайтын ауру емес.

Айтолқын БАТЫРБАЙҚЫЗЫ

ЖАС АСПАЗДАР САЙЫСЫ

Жыл басынан бері жұмысшы мамандарға көңіл бөліп, олардың абырой белелін көтеру мақсатында газет бетінде біраз сала мамандарының еңбегі насихатталды.

Олардың арасында көлік жүргізуші, жиһаз құрастырушы тағы да басқа түрлі сала майталмандары бар. Орайы келіп, қаладағы үздік аспаздардың асханадағы өнеріне күз болдық.

Қала әкімінің қолдауымен «Qosyub» жастар ресурстық орталығы ұйымдастырған аспаздар жарысы «Қыз Жібек» мейрамханасында өтті.

Байқауға 6 аспаз қатысып бақ сынады. Оларға қойылған талап – ыстық тағам мен салат дайындау. Тағамның ғана емес көңіл күйдің шебері саналатын аспаздар тамақтың дәмдіне де әсемдігіне де назар аударды. Бұл жай жарыс емес дәмдердің поэзиясы, ингредиенттердің биіндей әсер қалдырды. Қазылар алқасы жарысқа қатысушылардың тағамды қалай ұсынғаны, жаңаша идеясын бағалады. Жарыста Әли-Азат Әділбекұлы «Su-vide» тағамын дайындап үздік деп танылды. 26 жастағы аспаз қазіргі таңда «Карамель» мейрамханасының аспазы. Жарысқа қатысып үздік танылғанан кейін көпшіліктің қошеметіне ие болғанын айтады.

– Су-вид әдісімен пісірілген күріш төсеміндегі тауық еті еуропода кең таралған. Қызылордада көп сұраныста болмаса да, қазылардың көңілінен шықты. Тауықтың төс етіне тұз, бұрыш, басқа да ингредиенттер қосып маринадтап ортасына моцарелла сырын араластырады. Қазір мейрамханаға келген қонақтар арасында көбінесе теңіз өнімдеріне тапсырыс береді. Алайда біз етке үйренген халық болған соң, тағамдарды етсіз елестету қиын, әр қонақтың талғамы басқа. Бұл тағам тойымды, сондықтан қасына жеңіл салат қоса жасадық. Оған тұбет ашатын қышқыл соус араластырдық. Қазыларға бірінші салаттан дәм татуын сұрадық, – дейді аспаз.

Кейіпкеріміз бала кезінде журналист болуды армандағанын жасырмады. Уақыт өте келе әр елдің асханасына қызығып, тағам дайындауды кәсібіне айналдырған. Еуропалық, азиялық тағамдардың дәмін тіл үйіре дайындайтын аспаз болашақта батыстың тағам дайындау өнерін дамытқысы келеді.



– Алдағы уақытта жоспарым аспаздық бойынша курстардан өтіп, өнерімді ұштағым келеді. Мен үшін қонақтардың ризашылығы маңызды. Мүмкіндік боп жатса, өз мейрамханамда да ашу ойымда бар, – дейді «Карамель» мейрамханасының аспазы Әли-Азат Қарекеев.

Айтулы шара қалада төртінші мәрте ұйымдастырылды. Келесіде аспаздар арасында күріш дайындау сайысы жоспарланды. Жарысқа қатысқан аспаздарға «Қыз Жібек» мейрамханасының бас аспазы Закир Тохиров төрелік етті. Бас аспаз жігіттерге ризашылық білдіріп, қолдау болатынын айтты.

– Жасыратыны жоқ, қазір кейбір қыздардың қолынан жұмыртқа қуыру келмейді. Жігіттер болып жарысқа белсенді қатысып, осындай тамақ әзірлегендердің мақтауға тұрарлық. Бастысы, тоқтап қалмай, жұмыстарыңды жақсы көріп, әрдайым дамудан талмандар, – деді бас аспаз Захир Тохиров.

Думан КЕҢШІЛІК



Меншік иесі:

СЫР МЕДИА
жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған **Әділхан БӨЙМЕН**

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлттан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-І.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру несінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 3978 Тапсырыс №2049

Нөмірдің кезекші редакторы Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА